

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ КАФЕДРАСЫ

Мамандықтың кәсіби қолданбалы
бағдарламасы
№4 Лекция

**ҚОЛДАНБАЛЫ
БАҒДАРЛАМАЛАР**

аға оқытушы Әбдіманапов М.Д.

Қолданбалы бағдарлама
(application program) –

қолданушылардың белгілі бір
тапсырмасының орындалу
процесін баяндайтын
бағдарлама.

Қолданбалы бағдарламаға жататын бағдарламаларға, пайдаланушылар үшін арнайы жазылған немесе пайдаланушылардың өздерінің компьютерде белгілі бір тиянақты жұмысты орындау үшін жазған бағдарламаларын жатқызуға болады.

Қолданбалы бағдарламаның негізгі жұмысы – тапсырыс бойынша бағдарламалар дайындау немесе ақпарат тарату тізімдерін құру.

Қолданбалы бағдарлама
жазатын бағдарлама
дайындаушыларды қолданбалы
бағдарламашылар (прикладные
программисты) деп атайды.

Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыз ету – жеке-жеке қолданбалы бағдарламадан және қолданбалы бағдарламалар тобынан (пакетінен) тұрады. Олар осы қолданбалы бағдарламалар тобының (пакетінің) негізінде автоматтандырылған жүйеде қолданушылардың әртүрлі қажеттіліктерін өтейді.

Қолданбалы бағдарламалар

2 топқа бөлінеді.

Бірінші топ – бағдарламаға қосымша болып есептелетін, бірақ көпшілік жаппай қолданатын;

Екінші топ – жеке қолданыста болатын бағдарламалар. Олар тиісті мамандардың қатысуымен бағдарламашылардың дайындаған бағдарламалары.

Экранға шығару арқылы жұмыс істейтін бағдарламалар өте маңызды болып саналады (Олар қондырғының жұмыс істеу тәртібін экранға көрсету арқылы жұмыс істейтін қолданбалы бағдарламалар).

Қолданбалы бағдарлама функциясын пайдаланушылар да атқара алады.

Қазіргі уақытқа үш бағдарламалық өнімді атап айтуға болады:

- жүйелік немесе жалпы қамтамасыз ету бағдарламасы; (ПО);
- қолданбалы бағдарламалар тобы (пакеті) (ППП);
- бағдарлама дайындау технологиясының құралдары

Қолданбалы бағдарламалар тобы (пакеті) (ППП) түрлері:

1. Проблемалық-бағыттық.

Өңдеу алгоритмдерінде, құрылымдар бойынша берілген ақпараттарда және басқару функцияларын белгілі бір типке келтіру барысында кездесетін проблемаларды шешу үшін қолданылады. Мысалы: бухгалтерлік есепті, қаржы жұмысын және жұмысшы персоналын басқаруды автоматизациялау, т.б.

2. Проектілеуді автоматизациялау.

Ол конструкторлар мен
технологтардың жұмысында сызу
жұмыстары, схемалар мен
диаграммалар дайындауда
қолданылады;

3. Жалпылама қолданысқа арналған.

Олар ең соңғы пайдаланушылардың компьютерлік технологияларын қамтиды және графикалық редакторларды, бағандар (таблицалар) мен жазуларды (текст) басқару жүйесі базаларымен қамтамасыз етеді.

4. Офистік.

Ол жұмыс орнын басқаруды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге арналған. Оған: жазу және телефон кітапшалары, күнтізбелер, презентациялар, жазу текстерін тану (распознавание) бағдарламалары және т.б.

5. Стол үсті баспа жүйелері – жоғары функционалды текст жазу процессорлары.

6. Жасанды интеллект жүйесі.

Жұмыс барысында адамдарға тән кейбір ақпараттарды өңдеу принциптерін қолданады.

Ол Бағдарламасыз қолданбалы тапсырмаларды шеше алатын интеллектуалды қолданбалы бағдарлама пакетін; табиғи тілдегі диалогты қолдайтын ақпаратты жүйелерді (аудио жазу) қамтиды.

Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыз ету келесі бағытта жүргізіледі:

- Мекемелер мен ұйымдардың қолданбалы бағдарламасы;
- Мекемелердің инфрақұрылымдарын бағдарламамен қамту.
- Ақпаратты жұмыскерді бағдарламамен қамтамасыз ету;

- Контентке кіруге рұқсат ететін бағдарламамен қамту;
- Білім беру бағдарламасымен қамту
- Медиа аумағында инструменталды бағдарламамен қамту;
- Конструкция мен проектілерге арналған бағдарламамен қамту;
- Утилита (бағдарлама бөлшектері)